

**Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 203 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 5 наурыздағы № 26 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 168-бабының 3-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешімінің атауындағы "кейбір" деген сөз "жекелеген" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы "Кедендік рәсімдерді қолданудың кейбір мәселелері туралы" № 203 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) кіріспе "4-тармағына," деген сөздерден кейін "168-бабының 3-тармағына," деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 1<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылсын:

"1<sup>1</sup>. Азаматтық авиақұрылыс және кеме жасау өнімдері (әуе кемелері, су кемелері), әскери мақсаттағы өнімдер және машина-техникалық өнімдер болып табылатын, оларды не олардың бөліктерін дайындаудың немесе жөндеудің өндірістік процесінің ұзақтығы Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 168-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімнен асып кететін тауарларды, сондай-ақ оларды дайындауға, жөндеуге және (немесе) жаңғыртуға арналған тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу мерзімі 5 жылдан аспайтын болып белгіленсін."

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі "Кедендік рәсімдерді қолданудың кейбір мәселелері туралы" № 375 шешімінің 1-тармағының 3-тармақшасы;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 11 желтоқсандағы "Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 375 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 267 шешімі;

Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағының "а" тармақшасының екінші абзацы және "г" тармақшасы (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 147 шешіміне қосымша).

4. Осы Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК